

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№3 мәжілісінің хаттамасы

18.11.2024 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-2 курс координаторы, аға оқытушы Аймаханов М.С., 3-4 курс координаторы оқытушы Назарова Л.К., 5 курс және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Шойбек А., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Минтасова А.С., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

2. Дипломдық, магистрлік, докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

6. Әртүрлі мәселелер.

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова сөз алып, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша қорытынды аттестациялық пәндердің тізімін бекіту жұмыстары пән оқытушысы және кафедра меңгерушісі тарапынан қадағаланып отыратындығын баяндады.

Кафедра меңгерушілері сөз алып, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша емтихан түріне ұсыныс беріліп, емтихан қабылдау түрлері анықталғандығын, соған байланысты аралық бақылау және емтихан сұрақтары дайындалғандығын мәлімдеді. Блум таксономиясы бойынша емтиханның тест сұрақтарының 1 курстар үшін есте сақтау - 70%, түсіну - 20%, қолдану - 10%, 2 курстар үшін есте сақтау - 50%, түсіну - 30%, қолдану - 20%, 3 курстар үшін есте сақтау - 40%, түсіну - 30%, қолдану - 30%, 4,5 курстар үшін есте сақтау - 10%, түсіну - 30%, қолдану - 60% құрау керектігі ескертілді.

ШЕШІМ 1.: қорытынды аттестациялық пәндердің тізімін бекіту, ұйымдастыру және орындалу барысы туралы мәліметтер назарға алынсын, кафедралардың қысқы сессия

емтихандарына дайындық жұмыстарының деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін. Емтихан сұрақтары бекітілсін және қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2. Дипломдық, магистрлік, докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну. Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘЖ жауаптылары.

Факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.О. Нускабаева сөз алып, 2024-2025 оқу жылында факультетімізге 7М10131-Медицина беру бағдарламасы бойынша – 2 магистрант, 8D10110-Медицина білім беру бағдарламасы бойынша – 8 докторант, 8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасы бойынша – 1 докторанттың қабылданғанын жеткізді. Осы жылы магистратураға және докторантураға қабылданған докторант және магистранттардың тақырып және жетекші мәліметтері бойынша 5-6 курс және магистратура, докторантура координаторы А.М. Шойбекке сөз берді.

5-6 курс және магистратура, докторантура координаторы А.М. Шойбек, 7М10131-Медицина және 7М10144-Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламалары бойынша қабылданған 1 курс магистрантарына ғылыми жетекші болуға қатысты шарттармен таныстыра отырып, ғылыми жетекшілікке ұсынылатын оқытушы-профессорлардың құжаттарына тоқталды. 10-қосымшасы бойынша сәйкестігімен таныстырды. 2024-2025 оқу жылында Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасына қарасты 1-курс магистранттарының диссертациялық жұмыс тақырыбы мен ғылыми жетекшілері ұсынылды. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында 8D10110-Медицина және 8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау докторантура білім беру бағдарламаларына қабылданған 1 курс докторанттарының да ғылыми жетекшілікке тізімін ұсынды.

№	Білімгердің аты-жөні	Білім деңгейі	Жұмыс тақырыбы	Ғылыми жетекші	Пікір беруші
1	Құдайберген Назерке Абайқызы	Магистратура	Артериялық гипертензиясы және абдоминальды семіздігі бар науқастардың өмір сүру сапасын қан қысымы деңгейіне байланысты бағалау	м.ғ.к., қауымдас. профессор Нускабаева Г.О.	
2	Калдыбаева Назира Батырбековна	Магистратура	Шала туылған балалардағы орталық жүйке жүйесінің перинатальды зақымдануының ерекшеліктері	м.ғ.к., қауымдас. профессор Токбергенова С.М.	
3	Қалдархан Дана Қалдарханқызы	8D10110-Медицина Докторантура	Метаболикалық синдромы бар науқастарда темір алмасуы бұзылысының генетикалық предикторлары	PhD, доцент, Садыкова К.Ж.	
4	Баймаханова Гульзира Сабитовна	8D10110-Медицина Докторантура	Эпилепсиямен ауыратын ересек науқастардағы фармакорезистенттілік	м.ғ.к., профессор Жаркинбекова Н.А.	

№	Білімгердің аты-жөні	Білім деңгейі	Жұмыс тақырыбы	Ғылыми жетекші	Пікір беруші
			пен когнитивті бұзылыстар дамуының генетикалық болжаушы белгілері		
5	Момбеков Нурлыбек Абдумаликович	8D10110- Медицина Докторантура	Түркістан облысындағы эпилепсияның клинико-демографиялық талдауы	м.ғ.к., профессор Жаркинбекова Н.А.	
6	Досжанов Исламхан Әзімханұлы	8D10110- Медицина Докторантура	Түркістан облысында ересектердегі дәріге-төзімді эпилепсияны болжаудағы потенциалды микро РНК экспрессиясының маңыздылығы	м.ғ.к., профессор Жаркинбекова Н.А.	
7	Азизходжаева Динара Шавкатовна	8D10110- Медицина Докторантура	Метаболикалық синдромы бар адамдарда перифериялық полинейропатияның молекулалық-генетикалық аспектілері	PhD, аға оқытушы Маденбай К.М., м.ғ.к., қауымдас. профессор Нускабаева Г.О.	
8	Конакбаев Ескендір Жандаралыевич	8D10110- Медицина Докторантура	Ерлердегі морбидті семіздікке байланысты андрологиялық және репродуктивтік бұзылыстарды хирургиялық емдеу әдісін ескере отырып, клиникалық бағалау және түзету	м.ғ.к., қауымдас. профессор Балпуков Ұ.Ж.	
9	Рахимбаева Жанна Бекжанқызы	8D10110- Медицина Докторантура	Балалардағы COVID-тың оңалту кезеңіндегі ішек микробиомасының биесүтінің қолданғаннан кейінгі жағдайы	м.ғ.д., профессор Мусаев А.Т.	
10	Аннаоразов Ылхам Аширович	8D10110- Медицина Докторантура	м.ғ.к., профессор Муқанова У.А.	Асказанға бір анастомозды шунт салуда билиарлырефлюкстің алдын алу әдістерін жетілдіру	

№	Білімгердің аты-жөні	Білім деңгейі	Жұмыс тақырыбы	Ғылыми жетекші	Пікір беруші
11	Аннаоразова Зарина Ихтиярқызы	8D10111- Қоғамдық денсаулық сақтау, Докторантура	Шымкент қаласында бауырдың созылмалы диффузды аурулары бар пациенттерге амбулаториялық- емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру	м.ғ.к., қауымдас. профессор Ошибаева А.Е.	

ШЕШІМ 2: Факультет отырысында ұсынылып мақұлданған тақырыптар, ғылыми жетекшілер және пікір берушілер университеттің ОӘК-ге бекітуге ұсынылсын.

3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

3-4 курс координаторы оқытушы Назарова Л.К. сөз алып: Білім беру бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін факультеттің профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісінде оқытудың инновациялық әдістерін қолданып студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруды тәжірибеге айналдыру қажет. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруға жауапты ОПҚ тағайындау керектігін айтып өтті.

ШЕШІМ 3: Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру назарға алынсын.

4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмінің кафедраларда жүзеге асырылу жағдайы туралы. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

Осы мәселе бойынша факультеттің ААК төрайымы А.С. Минтасова сөз алып, білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмінің кафедраларда жүзеге асырылу жағдайы туралы баяндады. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейінің барысы пән оқытушысы және кафедра меңгерушісі тарапынан қадағаланып отырады.

ШЕШІМ 4.: Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру барысы туралы мәліметтер назарға алынсын және қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

Факультеттің ОӘК төрағасы Минтасова А.С.: 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, дайындаудың 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін білім беру бағдарламасы негізінде және УЕ-ХҚТУ-036-2019 Білім беру бағдарламасыны және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі талаптарына сәйкес әзірлену керектігіне тоқталды.

ШЕШІМ 5: 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендері қамтамасыз етілілсін.

6. Әртүрлі мәселелер.

6.1. «Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер» кафедрасының PhD Ф.Н. Саржанов және Б.Ә. Омарованың «Методы исследования в области здравоохранения» оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Факультет деканы Нускабаева Г.О.: «Бұл оқу құралы медициналық және қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламаларының бакалавриат және магистранттарына арнап жазған. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы практикалық қолдануларға баса назар

аудара отырып, ғылыми зерттеулердің негізгі принциптерін, әдістерін және кезеңдерін қамтиды». Сол себепті, авторлардың орыс тілінде дайындағын оқу құралына қазіргі кезеңде қажеттілік болғандықтан қолдауға шақырамын.

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Садыкова К.Ж.: «Авторлардың қазақ тілінде дайындаған «Методы исследования в области здравоохранения» оқу құралы заманауи талаптарға және білім беру бағдарламаларының бағыттарына сәйкес келеді. Оқу құралының негізі студенттердің негізгі құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін заманауи ғылыми деректер мен әдістемелік тәсілдерге негізделген: ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, зерттеуді жоспарлау және ресімдеу, ғылыми қызмет этикасы, мәліметтерді өңдеу және талдау, ғылыми жарияланымдарды жазу және гранттарға өтінімдер дайындау. Сондықтан дайындалған оқу құралын баспадан шығаруды толықтай қолдаймын».

Кеңес мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №6.1.: «Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер» кафедрасының PhD Ф.Н. Саржанов және Б.Ә. Омарованың «Методы исследования в области здравоохранения» оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

6.2. Фундаментальды ғылымдар кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.К. Мамырбекованың «Ғылыми зерттеулерге кіріспе» оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: «А.К. Мамырбекованың қазақ тілінде дайындалған оқу құралы барлық талаптарға сай, медицина білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға көмекші оқу құрал ретінде пайдалануға болады. Ұсынылатын оқу құралына ішкі және сыртқы пікірлер берілген. Сол себепті, автордың қазақ тілінде дайындағын оқу құралына қазіргі кезеңде қажеттілік болғандықтан қолдауға шақырамын».

Фундаментальды ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, PhD Саржанов Ф.Н.: «Автордың қазақ тілінде дайындаған «Ғылыми зерттеулерге кіріспе» оқу құралы заманауи талаптарға және білім беру бағдарламаларының бағыттарына сәйкес келеді. Оқу құралда әлемде және Қазақстанда медицина ғылымының даму тарихы, ғылыми білімнің гносеологиялық негіздері, денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оның кезеңдері туралы, ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен ғылыми нәтижелерді ресімдеу туралы, ғылыми этиканың негіздері туралы мәліметтерді, сондай-ақ, дәлелді медицина бойынша халықаралық деректер базаларымен (Scopus, Web of Science, PubMed, Embase, Кокран кітапханасы және т.б.) жұмыс жасау мен жеке тапсырмаларды дайындау жөніндегі түсініктерді қамтиды. Сондықтан дайындалған оқу құралын баспадан шығаруды толықтай қолдаймын».

Кеңес мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №6.2.: Фундаментальды ғылымдар кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.К. Мамырбекованың «Ғылыми зерттеулерге кіріспе» оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



А.Минтасова